

**Жалпы білім беретін мектептердің дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің
«Тоғызқұмалақ» қазақтың ұлттық зияткерлік ойынынан облыстық
оқу-әдістемелік семинарының өткізу
есебі**

19-20 қаңтар 2023 жыл.

Атырау облысының білім беру басқармасының Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының жоспарына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің арасында «Тоғызқұмалақ» қазақтың ұлттық зияткерлік ойынынан облыстық оқу-әдістемелік семинары Б.Алтынсарин атындағы орта мектебінің базасында өткізілді. Атырау облысының білім беру басқармасының Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының дене тәрбиесі пәнінің бас жаттықтырушысы Алтын Ғабитқызы семинарда сөз сөйлеп, қатысушылардың жұмыстарына сәттілік, шығармашылық табыс тіледі.

Семинарға Атырау облысының қала, аудандарынан білім бөлімінің әдіскерлері мен дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің қатысты. Қатысқандар саны -60. Теориялық бөлімде №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тоғызқұмалақтан II дәрежелі жаттықтырушысы, спорт шеберлігіне үміткер Сулейменова Айнагүл Тынышқалиқызы Тоғызқұмалақ ойының дамуы мен тарихы баяндап, ойынның негізгі ережесімен таныстырды. Спорт мектебінің тоғызқұмалақтан II дәрежелі жаттықтырушысы Сулейменова Айнагүл Тынышқалиқызы мен орталықтың дене тәрбиесі пәнінің бас жаттықтырушысы Ғабитова Алтын Ғабитқызы мұғалімдермен практикалық бөлім бойынша, жұмыс жасады. Семинарға қатысушылар өз ара іс-тәжірибе алмасып, өз білімдерін жетілдірді. Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының сертификатын Алтын Ғабитқызы семинарға қатысқан мұғалімдерге табыс етті.











